

БЕКІТЕМІН
«Әлия» бөбекжай – балабақшасының
менгерушісі: *К.А. Досмуратова* **К.А. Досмуратова**




ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС №3

Кентау қаласы

12.12.2022 жыл

№	Педагогикалық кеңестер тақырыбы	Мерзімі	Жауаптылар
1	<p>Тақырыбы: Физикалық дамыту физикалық дені сау баланы тәрбиелеуді, өз денсаулығына саналы түрде қарауды, салауатты өмір салты негіздерін, қауіпсіз өмір сүру дағдыларының қалыптасуы.</p> <ol style="list-style-type: none">1. №2 педкеңес шешімінің орындалуы2. Тақырыптық бақылау «Күн тәртібінде сауықтыру іс-шараларының сапасы». Балалардың өмірін қорғау және денсаулығын нығайту, салауатты өмір салты негіздерін, қауіпсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастыру;3. Маусымдық мерекелер мен сауық-кештерді таза ауада және үй-жайларда өткізуді ұйымдастыру4. Балалардың өмірі мен денсаулығы туралы талдау: -Ерте жас тобы балаларының балабақшаға бейімделу жағдайы -Шынықтыру шараларының ұйымдастырылуының барысы туралы мәлімет5. Тәжірибе алмасу: «Балабақшаның денсаулық сақтау кеңістігінің үлгісі» Педагогикалық жәрмеңке: «Денсаулық сақтау технологияларын тиімді қолдану әдіс-тәсілдері» «Ас сіңіруге арналған жаттығулар түрлері»6. Әртүрлі мәселелер Мектепке дейінгі ұйымның заттық-кеңістік дамытушы ортасының сапасын бағалау7. Педагогикалық кеңес шешімін талқылау және шешім қабылдау.	Желтоқсан айы	Менгеруші К.А. Досмуратов, Әдіскер С.Н. Байболова, Барлық педагог мамандар, Барлық топ тәрбиешілері, Медбике



Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының
Кентау қалалық адами әлеуетті дамыту бөлімінің
«Әлия» бөбекжай – балабақшасы МКҚК

Тақырыбы: *«Күн тәртібінде сауықтыру
іс-шараларының сапасы».*

*Балалардың өмірін қорғау және
денсаулығын нығайту, салауатты өмір
салты негіздерін, қауіпсіз өмір сүру
дағдыларын қалыптастыру;*

Кентау 2022 жыл

КҮН ТӘРТІБІНДЕГІ ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ ШАРАЛАРЫ

Балаларды шынықтыру және сауықтыру шараларын ұйымдастыру Шынығу деп организмнің қоршаған орта факторларына, әсіресе, метеорологиялық факторларға (шынығудың арнаулы әсері) қарсы тұру мүмкіндігін арттыратын процедуралар жүйесін түсінеді. Сонымен қатар шынығу организмнің қызмет қабілетін жоғарылатады, әр түрлі ауруларға иммунобиологиялық қарсы тұру (арнаулы емес әсері) дәрежесін арттырады.

Жеке әсерлердің ұзақтығы мен күшінің жүйелі түрде қайталануына байланысты, шынығуды жаттығулардың жеке түрі деп қарауға болады. Бұл жағдай шынығудың негізгі принциптерін (ақырындап, еппен бастау және жүйелігін сақтау) анықтайды.

Балаларды ерте жастан метеорологиялық факторларға шынықтырудың маңызы өте зор. Дене температурасының тұрақтылығы химиялық және физикалық болып бөлінетін термореттеу процесі арқылы сақталады. Біріншісі- жылу бөлінуін (зат алмасу) реттеу, екіншісі- жылу беруді реттеу болып табылады.

Сыртқы ортаның температуралық факторлары, терінің терморцепторларына (жылулық, салқындық) әсер етеді. Бұл рецепторлар дененің барлық аймақтарында біркелкі таралмаған. Оның ең көп бөлігі бет терісінде, ең аз бөлігі иық, қол терілерінде орналасқан. Кейінгі жылдары терідегі жүйке жүйесінің еркін аяқталуы туралы - салқындаған кезде терідегі жиі соға бастайтын импульс яғни салқын сезгіш жіпшелер туралы айтыла бастады. Импульстер рецептордан гипотала-муска (организмнің жылу реттеу орталығына) барады. Жылу реттеу реакциялары өз кезегінде зат алмасу және қаңқа бұлшық еттерінің моторлы ортасымен, яғни жылу өндіру орталығымен байланыста болады.

Балалардың дене тәрбиесінің дұрыстығы – мектеп жасына дейінгі балаларға арналған мекемелердің алдындағы міндеттерінің бірі. Мектеп жасына дейінгі жақсы денсаулық, адамның жалпы дамуының іргетасы болып талады. Мектеп жасына дейінгі балалардың, жалпы білім беретін және кәсіптік мектепке дейінгі мекемедер, колледждер, лицейлер балаларының, жоғары оқу орындары студенттерінің дене тәрбиесі оқу және ұзартылған күн режимінде, оқу жоспарларына, дене тәрбиесінің кешенді мемлекеттік бағдарламаларына, санитариялық ережелер мен гигиеналық нормативтерге сәйкес сабақтан тыс уақытта және дербес жүзеге асырылады.

Мектеп жасына дейінгі балалар мекемелері, жалпы білім беретін мектепке дейінгі мекемедер және басқа да оқу орындары балаларға дене тәрбиесін беру мақсатында: дене шынықтыру машықтарын қалыптастырады, спортпен айналысуға тартады, дене шынықтыру-сауықтыру және спорттық іс-шаралар өткізеді және қоғамдық бірлестіктер мен басқа да заңды тұлғалардың мектеп жасына дейінгі балалардың, балалар мен студенттердің қатысуымен спорттық іс-шараларды ұйымдастыру мен өткізуіне жәрдемдеседі.

Мектепке дейінгі балалар мекемелерінде, мектепке дейінгі мекемеден тыс дене шынықтыру-сауықтыру ұйымдарында және оқу орындарында дене тәрбиесі үшін қажетті жағдайлар жасау облыстардың, қалалар мен аудандардың жергілікті атқарушы органдарына, сондай-ақ құрылтайшыларға жүктеледі.

Дене шынықтыру жаттығулары баланың күн тәртібінде жас шамасымен үлкен орын алу керек. Олар бұлшық еттік белсенділікке ғана емес, суыққа, гипоксияға да бейімділікті ұлғайту үшін себепші болатын факторлар болып табылады. Физикалық белсенділік орталық жүйке жүйесінің қалыпты дамуына, жадтың, оқудағы үлгерімнің жақсаруына мүмкіндік туғызады, эмоционалды-мотивациялық өрісті қалыпты жағдайға келтіреді, ұйқының жақсаруына әсер етеді, тек физикалық қана емес, зерделі қызмет мүмкіндіктерінің де өсуі байқалады. Бұлшық еттің белсенділігін арттыру үшін, қозғалыс жүйелері мен дағдыларын жетілдіретін, сымбатты мүсін қалыптастыратын, жалпақ табанның дамуын бәсеңдететін дене жаттығуларын жасау қажет.

Мектепке дейінгі жастағы балаларға арналған мекемелерде дене шынықтыру жаттығулары топтық гимнастикалық сабақтар мен спорттық ойын-сауық түрлерінде өткізіледі. Баланың киімі қимылды қиындатпайтындай денесіне бос болу керек. Сабақтар әр түрлі және еліктіргіш болу үшін, әр түрлі заттар мен жабдықтар қолдану керек: доптар, жалаулар, құрсаулар, отырғыштар, баспалдақтар. Жабдықтар баланың бойы мен жасына сәйкес келу маңызды. «Зерек бала», «Біз мектепке барамыз» бағдарламаларына сәйкес, 3 жастан бастап күнделікті таңғы жаттығулар өткізу керек, басында 5-6 минут (3 жас) және 10-12 минутқа дейін (6 жас).

Бұнымен қоса, бос уақытта дене шынықтыру жаттығуларының айына 1 рет 10-20 минут, 6 жастағы балалар үшін 40 минутқа дейін өткізілуі қарастырылады. Гимнастикамен айналысу үшін кілемше қажет және оны тазалықта сақтау маңызды. Гимнастикалық жаттығуларды таңғы астан кейін немесе күндізгі ұйқыдан кейін 30 минуттан кейін ғана жасау керек. Балаларда таңғы жаттығуды әрдайым жасауға әдептің қалыптасқаны өте маңызды. Ұзақ, қозғалыссыз отыратын – сурет салу, илеу, қол шеберлік сабақтарынан кейін гимнастикалық жаттығулар сеансын өткізу аса маңызды.

Біздің елімізде дене шынықтыру мақсаттары, міндеттері адамның жан-жақты дамуы жөніндегі ілім езінің нақты бейнесін тапқан. Жеке адамның жарасымды дамуы жан-жақты қоғам нұру шарттарының бірі ретінде қаралды.) Біздің елімізде дене тәрбиесінің мақсаты - өмір- ге, еңбекке және Отанды қорғауға даярлау болып табылады. Бұл мақсат адамдардың дене шынықтыруды жүзеге асыратын барлық мекемелер мен ұйымдар үшін бірдей болады.

Дене шынықтырудың аталған мақсатына сәйкес төмендегідей міндеттерді шешу қарастырылады:

Сауықтыру міндеттері: денсаулықты нығайту, денені жан-жақты дамыту, ағзаны шынықтыру, адамдардың ұзақ шығармашылық өмірін қамтамасыз ету.

Білім беру міндеттері: қозғалыс дағдылары мен іскерлікті қалыптастыру, дене қасиеттерін (жылдамдық, ептілік, икемділік, күш-қуат, шыдамдылық, т.б.) қалыптастыру, арнаулы білімді меңгеру, ұйымдастырушылық қабілеттерді бойға сіңіру.

Тәрбиелік міндеттері: жан-жақты тәрбие арқылы ақыл-ой, адамгершілік, эстетикалық және еңбек тәрбиесіне баули ету.

Бұл міндеттер дене шынықтырумен айналысушы жас- тарға байланысты олардың жас ерекшеліктеріне, денсаулық жағдайына, дене дамуының деңгейіне, дене эзірлігіне, сондай-ақ кәсіптік ынта-ықыласына қарай нақтыланады.

Жан-жақты мақсаттылық, халықтық-ғылымилық дене шынықтыру, дене тәрбиесі жүйесінің негізгі белгілері болып табылады.

Дене шынықтыру жүйесінің мақсаттылығы - жан-жақты бағытта екендігі. Дене тәрбиесі үрдісінде дене тәрбиесімен айналысушылардың жан-жақты дүниетанымы қалыптасады, адамгершілік қасиеттерге тәрбиеленеді.

Дене шынықтыру жүйесін одан әрі дамыту Н.Ә.Назарбаевтың "Қазақстан - 2030" стратегиясында 1997 жылғы Қазақстан Республикасының халқына Жолдауында, дене шынықтыру және спорт жөніндегі Заңда, нақты қаулыларда көрініс тапқан.

Дене шынықтыру жүйесінің халықтығы - оның өмір талабына сәйкестігі. Еліміздің тұрғындарының денсаулығын нығайтудағы, денені дамытуды жақсартудағы табыстары, жеке адамның өл-ауқатын сондай-ақ, халықтық, ұлттық спорт ойындары түрлерін дамыту болып табылады.

Халықтың дене шынықтырумен айналысу- мемлекеттік маңызды іс.

Ғылымилық - дене шынықтыру жүйесінің сипатты белгісі болып табылады. Зерттеу негізінде бағдарламалар, оқулықтар, оқу құралдары жасалады және жетілдіріледі. Дене шынықтыру құрал-жабдықтарына қойылатын талаптар анықталады, әрбір жас кезеңіне қарай дене дамуының, дене эзірлігінің өлшем көрсеткіштері жасалады.

Зерттеулер нәтижесінде алынған жаңалықтардың бәрі мемлекеттік мекемелердің, қоғамдық орындардың және отбасы тәжірибесінде жүзеге асырылады.

Дене шынықтыру мәселелерін негіздеу мен ғылыми- зерттеу жүргізуге жұмылдыратын ғылыми-педагогика мамандарын даярлау жөнінде маңызды шаралар жүргізіледі.

Дене шынықтыру жүйесі төмендегі топтардан құрылған.

Мектеп жасына дейінгі балалар дене шынықтыруы (отбасында, балабақшада, балалар үйінде 1 жастан 7 жасқа дейін).

9 жылдық және орта мектепте, арнаулы оқу орындарындағы дене шынықтыру. Жоғары оқу орындарындағы дене шынықтыру.

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштеріне дайындық дене шынықтыруы.

Қала, ауыл азаматтарының дене шынықтыруы, өз еркімен ұйымдастырылған спорттық қоғамдар.

Сонымен қатар, дене тәрбиесі сауықтыру-профилактикалық, тикалық, емдеу мекемелерінде, демалыс орындарында, дене жаттығуларын радио, телехабарлары арқылы беру түрінде ұйымдастырылады. Дене шынықтырудың негізгі құралдары: дене жаттығулары, гимнастика, спорт, ойын, саяхаттар. Жаратылыстың табиғи күштері (ауа, күн, су) және еңбектегі гигиеналық жағдай.

Дене жаттығулары. Дене жаттығулары - дене шынықтырудың негізгі өзіндік құралы. Дене жаттығулары адамға жан-жақты әсер етеді: олар адамның дене жағдайын өзгертеді, арнайы іріктеп өткізілетін дене жаттығулары дене шынықтыру міндеттерін шешеді. Дене жаттығуларының ағзаға әсері толық жағдайға байланысты. Мұндай жағдайлар:

- жаттығулар түрлерінің ағзаға әр түрлі әсер етуі;
- дене жаттығуларын орындау барысындағы өткізілетін орын мен жағдайға байланыстылығы;
- жаттығулар өлшемі, ұзақтығы, саны жас ерекшелігіне қарай жаттығудың орындалуы, жынысы, дене дайындығы деңгейі және айналысушының денсаулық жағдайы;
- сабақ барысындағы әдіс-тәсілдерді қолдануымен анықталады.

Жасөспірімдер мен балаларды дене тәрбиесіне тәрбиелеуде әр түрлі жаттығулар түрлері қолданылады. Дене шынықтыру міндеттерін іске асыруда жаттығулар тиімділігіне, орындалу барысындағы жағдайға, дене жаттығуларын іріктеп алуға ғылыми тұрғыда қарау мен дене

жаттығуларының денеге әсерін қадағалау қатаң есеп беруді талап етеді.

Гимнастика - дене шынықтырудың негізгі құралының бірі - адамның денсаулығын нығайту мақсатындағы арнайы іріктелген дене жаттығуларының ағзаға әсері, қозғалыс іскерлік дағдыларын дамыту, ерік-жігер қасиеттерін қалыптастыру, сондай-ақ дене дамуындағы кейбір қайшылықтарды жою болып табылады.

Гимнастика жаттығулардың әр түрлілігі, ең қарапайым жаттығудан күрделі жаттығуға ауысуы, аралас жаттығулардан, снарядсыз жасанды жаттығуларға көшуі, снарядтар қолданылатын жаттығулардың ағзаға жан-жақты әсері, сонымен қатар спортшының денесіне түсетін салмақтың нақты реттелуі арқылы ерекшеленеді.

Гимнастикалық жаттығулар өдемі, көркем, мөнерлі, нақты орындалуымен ерекшеленеді. Ағзаға әсер ететін салмақты реттеудің дене қызметімен қатар, емдік маңызы бар.

Әр түрлі жастағы спортшылардың гимнастикалық жаттығуларды кең көлемде пайдалануы жоғарыда аталған ерекшелікті дәлелдейді.

Дене шынықтыру жүйесінің даму кезеңінде гимнастиканың міндеттері анықталып және олардың түрлері белгіленеді.

- а) негізгі гимнастика;
- б) гигиеналық гимнастика;
- в) спорттық гимнастика;
- г) акробатика;
- д) көркем гимнастика;
- д) қолданбалы гимнастика, оның құрамына спорттық қолданбалы гимнастика, өндірістік және емдік гимнастика жатады.

Негізгі гимнастика. Негізгі гимнастиканың міндеті - денсаулықты нығайту, қозғалыс дағдыларын жетілдіру және жалпы дене дайындығы, тұлғаны дұрыс қалыптас- тыруға тәрбиелеу, ағза жүйелерінің қызмет дәрежесін арттыру және дененің шынығуын қамтамасыз ету болып табылады.

Негізгі гимнастикаға: сапқа тұру және қайтадан сап- қа тұру, жалпы дамыту жаттығулары, еркін, нолданба- лы жаттығулар, снарядта орындалатын жаттығулар, тірек секірулер, қарапайым акробатикалық жаттығулар және қимыл қозғалыс ойындары жатады.

Негізгі гимнастика мектеп жасына дейінгі балалар және бастауыш мектеп жасындағы оқушылардың, орта мектеп, арнаулы оқу орындарының және жоғары оқу орындарының міндетті оқу бағдарламасында маңызды орын а лады.

Негізгі гимнастика спорттың өр түрімен айналысуға қажетті алғашқы кезеңнің негізін қалыптастырады.

Гигиенаның гимнастиканың міндеті - адам денсаулы- гын нығайту, денесін қалыптастыру, денесінің дамуын және жұмыс істеу қабілетін жоғарылату. Гигиеналық гимнастиканың негізгі міндеті - жаттығуларды іріктеп алу барысында ағзаның негізгі жүйелерінің - тыныс алу, қан айналымы, зат алмасу, бұлшық ет топтарының жұмыс істеу қызметін нығайту.

Гигиенаның гимнастиканың кең көлемде қолданатын түрі ертеңгілік гимнастика болып табылады. Гигиенаның гимнастикамен жеке және топ түрінде айналысады. Жеке адам гимнастикамен күнделікті ұйқыдан кейін айналысады. Осы жағдайда ертеңгілік гимнастиканың құрылы- сы қарапайым, жалпы дамыту жаттығулар тобынан құрылады. Бұл жаттығулар тобына кең көлемді жұрт- шылық үшін радиохабарлар арқылы берілген жаттығулар үлгісі жатады.

Гигиеналық гимнастиканың топтың түрі балалар үйін- де, мектеп интернаттарында, жазғы демалыс лагерінде, балалар алаңдарында, демалыс ойындарында, сауықты- ру мекемелерінде, өндіріс орындарында өткізіледі.

Жеке және топтың сабақтар нысартылған дене тәрбие- сі сабағы болып табылады. Сабақ құрылысына жаттығулар топтары: сапқа тұру және қайтадан сапқа тұру, кедергілерден өту, снарядтарда жаттығулар түрлерін орындау кіреді.

Спорттық гимнастика - дене шынықтыру нұралдары- ның бір түрі болып табылады. Негізгі міндеті дененің

қалыптасуы мен спорттың шеберліктің жоғары дәреже- сіне жетуге бағытталған адамның икемділігін жетілдіру болып табылады.

Оқу жұмысында спорттың гимнастиканың жүйелік бағдарламасы бар, осы бағдарлама негізінде гимнастика- лық жарыстар өткізіледі.

Акробатика қимыл-қозғалыс пен моральдық-ерік на- сиеттерін, күшті, ептілікті, икемділікті дамытуға кө- мектеседі, өз денесін ширақ меңгере білуге, ұшқыр сезім- талдыққа, батылдыққа, табандылыққа тәрбиелейді. Ак- робатикалық жаттығулар - алдыға айналып тұсу, артқа айналып тұсу, көпірше жасау, пирамида жасау, тік тұру. Акробатикалық жаттығулар жеке, екі адам, топпен де орындалады. Жаттығулар түрлері снарядсыз және сна- рядтарда орындалады.

Акробатикалық жаттығулар жүйелі бағдарлама бойынша орындалады, жарыстар өткізіледі.

Көркем гимнастика қимыл-қозғалысты жетілдіруде де спорттық сипатқа ие. Көркем гимнастиканың негізгі жаттығулары - қимыл-қозғалыстың жоғары әсемділі- гін, үйлесімділігі мен мәнерлігін меңгертеді. Көркем гимнастика, спорттың гимнастика, акробатика сияқты спорттың бағыты бар. Көркем гимнастикамен тек әйел- дер айналысады.

Көркем гимнастиканың мазмұнынан арнайы жаттығулар, жалпы дамыту жаттығулары, сондай-ақ акробатикалық жаттығулар орын алады.

Арнайы жаттыгуларға жүру, жүгіру, секіру, әр түрлі айналулар, халық билері элементтері, кейбір ңимыл-һоз-галыстар, әр түрлі би үйлесімділігі, музыкалық ойындар кіреді. Көркем гимнастикада доптар, күрсаулар, орамал, жалауша секіртпелер, ленталар кең көлемде қолданылады.

Балаларға ұсынылатын жаттыгуларды тәрбиешілер, медбике, ата-аналар менгеріп алулары керек. Балалардың ықыласын шоғырландыру қиын болғандықтан, оларға тапсырмаларды ұзақ түсініктерсіз, нақты және айқын беру керек. Атауларды рационалды түрде оңайлату, мысалы, жаттыгуларды «мысық», «күс», «паровоз» және т.б. жалпылай атау. Бұл жаста балаларда үйлестіру қабілеті енді ғана қалыптаса бастайтындықтан, олардан тапсырманы толығымен дұрыс орындауларын талап етуге болмайды.

Бала организмі туган күнінен бастап, термореттеуші жүйемен реттеледі, бірақ ол толық жетілмеген, әлсіз болып келеді. Балалардың терісі ересектердікіне қарағанда жұқалау және капиллярларға бай келеді. Тері бетінің көлемі де салыстырмалы түрде көбірек болады, зат алмасу процесі ересектерге қарағанда үдемелі түрде жүретіндіктен, жылу берілуіне қолайлы жағдай туады, сондықтан олар салқын тигеннен пайда болатын ауруларға бейім келеді.

Балалық шақта әсіресе, сәбилік шақта және мектепке дейінгі кезендерде химиялық жылу реттеу орталығының өте маңызды қорғаныш рөлін атқарады. Салқын тітіркендіргіштерге тері-тамыр реакциясының жылдамдығы жас өскен сайын арта түседі, бірақ аздаған шынығу процедурасы болуы да мүмкін. Рецепторлық аппараттар мен қан-тамыр реакцияларына қайта-қайта жүктеме түсіру, олардың қызметін жетілдіре түседі және термореттеу жүйесінің функционалдық мүмкіндіктерінің жетілуін жылдамдатады. Белгілі шартсыз рефлексстерден басқа, солардың негізінде, балалар организмінде температуралық әсерлерге термореттеу жүйесін саналы түрде іске қосатын шартты рефлексстер пайда болады.

Шынығудың тиімділігі төменде көрсетілген принциптердің сақталуына байланысты:

1. Процедураларды қолданудың жүйелілігі;
2. Тітіркендіргіштердің күшін ептеп ұлғайту;
3. Жасына, денсаулығына және шынығу дәрежесіне байланысты шынығуды бастаған кезде, жеке бас ерекшеліктерін ескеру;
4. Балалардың ең жақсы жылулық жағдайда болуы;
5. Баланың көңіл-күйінің дұрыстығы.

Балаларды шынықтырудың құралдары болып, негізінен табиғи факторлар алынады: ауа, су, күн радиациясы. Оларды шынығуға пайдалану үшін, белгілі гигиеналық талаптар қойылады. Ауа мен су таза және белгілі температурада болуы қажет. Сонымен қатар ауаның ылғалдылығы мен қозғалу жылдамдығы да есепке алынады. Күн сәулесінің түсетін бұрышы, әсер ету үстемдігі және ұзақтығы белгілі мөлшерде болуы қажет.

Жалпы алғанда, денешынықтыру тәрбиесінің салауаттандырудағы тиімділігі екі негізгі принципті сақтағанда ғана дұрыс болады: тәуліктік қимыл-қозғалыс белсенділігіне гигиеналық нормаларға сәйкес түзетулер жүргізілуі және денешынықтыру тәрбиесінің гигиеналық негізделген жалпы моделінің болуы.

Қимыл-қозғалыс белсенділігінің дұрыс жасалған нормасы негізгі үш талаптың орындалуын: организмнің барлық жүйелерінің үнемді қызмет етуін, олардың сенімділігін және қоршаған ортаның өзгеруіне реакцияның дұрыс сақталуын қамтамасыз етуі керек.

Жылдық динамикада баланың жеке басының және ұжымның денсаулық көрсеткіштерінің жақсы жаққа өзгеруі, жас кезеңдерінің гигиеналық нормасының критерийі болып саналады.

Гигиеналық нормалардың диапозондары, өсіп келе жатқан организмнің жеке бас ерекшеліктеріне байланысты қолдануға мүмкіндік береді.

Дәрігерлік бақылаудың негізгі формалары:

1. Балалардың функционалдық мүмкіндіктерін анықтай отырып, денсаулық жағдайын тексеру;
2. Денешынықтыру тәрбиесінің жүргізілуін жүйелі түрде бақылап отыру;
3. Денешынықтыру тәрбиесі жүргізілетін орындарға санитарлық бақылау жүргізу;
4. Мектепке дейінгі балалар мекемесінің қызмет-керлері мен балалардың ата-анасы арасында санитарлық ағарту жұмысын жүргізу.
5. Денешынықтыру тәрбиесін дұрыс ұйымдастыру үшін міндетті түрде бала организмнің өсу және даму ерекшеліктері ескерілуі керек.

2.2. Балалар мен жасөспірімдердің денсаулығы

Қазіргі күнге дейін денсаулық деген түсініктің біркелкі алынған дәлелді анықтамасы болмағандықтан, адамдардың денсаулығына дұрыс баға беру біршама қиындық туғызады. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының (1958) жарғысы бойынша, денсаулық деп "аурушандық пен дене бітімінде кемшіліктердің бар не жоғы ғана емес, сонымен қатар, адамдардың толық физикалық, әлеуметтік және рухани қолайлы жағдайларын" түсінеміз. Бұл түсінікке денсаулықтың белгісі болуға келе бермейтін, өте кеңінен алынған бағалау көрсеткіштерінің тізімі де кіреді. Ондай көрсеткіштерге әлеуметтік қолайлы жағдайлардың ішінде, кірістің мөлшері, коммуналдық қолайлылық, жеке автокөліктердің болуы т.с.с жа-тады. Халықтың денсаулығы, олардың тұрмыс жағдайларының жақсы деңгейде болуына байланысты, бірақ жоғарыда айтылған факторлар ешуақытта денсаулықтың көрсеткіші бола алмайды.

Сонымен қатар, денсаулық дегеніміздің өзі тек қана биологиялық емес, әлеуметтік категория, сондықтан оны әлеуметтік қызметтің толық бағалы, дұрыс орындалу мүмкіндігі деп те түсінуіміз қажет. Бірақ, дені сау адамдардың да, науқас адамдардың да әлеуметтік қызмет қабілетінің мүмкіндігі өте кең ауқымда болатындықтан, денсаулық сақтау ұйымының "денсаулық" деген түсінікке берген анықтамасы оның дәрежелерін сандық жағынан анықтауға мүмкіндік бермейді.

Адамдардың денсаулығы дегеніміз - оның биологиялық, физиологиялық және психикалық қызметтерінің дұрыс дамып, ұзақ уақыт сақталуының динамикалық жағдайы, әлеуметтік белсенділігі мен қызмет қабілеті жоғары деңгейде болып, күш-қайраты талмай, ұзақ уақыт өмір сүруі. Бұл анықтамаға денсаулықтың жаңадан алынған көрсеткіштері - жоғары деңгейдегі қызмет қабілеті, ғұмыр жастың ұзақ болуы да кіреді. Бірақ, осы түсініктердің әлі күнге дейін анықталған шекарасы болмағандықтан, оны денсаулықтың нақты белгісі ретінде алуға күмән туғызады. Мысалы, қызмет қабілетінің жоғары деңгейі, өте шартты түрде алынған және ол "денсаулығы мықты" деп алынған адамдардың өздерінде де өте кең аралықта толқып отырады. Ғұмыр жастың ұзақтығына дұрыс шекара қою қиын болғандықтан, олардың бір қатары И.И.Мечниковтың көзқарасына қосылып, ғұмыр жастың ұзақтығына биологиялық шекара қояды қолдамайтындықтан осы сұрақ туралы әлі күнге дейін ортақ көзқарас жоқ. Денсаулықтың белгісі ретінде ақыл-ой, қызмет қабілеті, репродукция қызметі және т.б.

анықтамалары бар, бірақ осы түсініктің әлі күнге дейін ғылыми негізделген сипаттамасы жоқ. Саны жағынан тұрақты түрде өсіп жатқан көптеген факторлар адамдар денсаулығына әсер етеді, бірақ біздің ойымызша бұл туындап отырған пікірталаста ең алдымен "денсаулық" деген түсініктің өзін анықтап, оған сай келетін, барабар көрсеткіштерді тауып, сандық жағынан баға беру мүмкіндігіне нақты шек қою қажет.

Денсаулықтың белгілеріне демографиялық көрсеткіштерді, аурушандықты, дене бітімінің дамуын жатқызады. Халықтың денсаулығына берілген осы белгілердің ішінде, әсіресе, демографиялық көрсеткіштер (туып-көбею, өлім, ғұмыр жастың орташа ұзақтығы) ерекше күдік туғызады. Туып-көбеюшілікті жасанды реттеуге болатындықтан және оған этникалық ерекшеліктер әсер ететіндіктен денсаулықтың көрсеткіші ретінде алуға болмайтын сияқты. Кейбір елдерде туып-көбеюді жасанды түрде азайту, денсаулықтың басқа көрсеткіштерінің жоғары болуына сәйкес келеді. Және керісінше, кейбір этникалық топтардағы туып-көбеюдің жоғары болуы, денсаулық көрсеткіштерінің төмендеуіне әкеледі. Сондықтан, денсаулыққа баға беру үшін туып-көбеюді жеке алып қарамай, басқа көрсеткіштермен бірге кешенді түрде қараған дұрыс. Халықтардың денсаулығына сипаттама беруде кейбір авторлар өлім көрсеткішін пайдалану мүмкіндігін қолдамайды. Бұл пікірде негізгі аргумент ретінде аурушандық пен өлім саны арасындағы сәйкестіктің болмауы алынады, бірақ, өлім ешуақытта аурусыз келмейді. Бұл көрсеткіштердің арасында қатал түрде пропорция болмаса да бір бағытта өзгеріп отырады. Жас кезеңдері бойынша ер адамдардың арасында өлім көрсеткіші жоғары болатындығы олардың өмір сүру мүмкіндіктерінің төмен екендігін көрсеткенімен, денсаулықтың көрсеткіші ретінде алуға келмейді.

Б.Н.Ильиннің пікірі бойынша да өлім саны адамдардың биологиясына ғана емес, көптеген жағдайларда әлеуметтік факторларға да байланысты болғандықтан денсаулықтың белгісі ретінде алуға келмейтіндігін айтады. Бірақ, автор "халықтың (жеке адамның) денсаулығы медициналық (биологиялық) - әлеуметтік түсінік" екенін мойындайды. Ю.П.Лисициннің пікірі бойынша денсаулықты тек қана әлеуметтік және биологиялық қатынас тұрғысынан қарау керек, сондай жағдайда эндогендік және экзогендік себептерден болған өлім саны биологиялық факторларды да сипаттайды. Олай болса, өлім көрсеткішін халықтардың денсаулығының белгісі ретінде алуға болады. Әсіресе, бұл жағдайда балалар өлімі ерекше орын алады.


2.3. Мектепке дейінгі мекемелерде дене шынықтыру сабағы

Мектепке дейінгі жастағы балаларға арналған мекемелерде дене шынықтыру жаттығулары топтық гимнастикалық сабақтар мен спорттық ойын-сауық түрлерінде өткізіледі. Баланың киімі қимылды қиындатпайтындай денесіне бос болу керек. Сабақтар әр түрлі және еліктіргіш болу үшін, әр түрлі заттар мен жабдықтар қолдану керек: доптар, жалаулар, құрсаулар, отырғыштар, баспалдақтар. Жабдықтар баланың бойы мен жасына сәйкес келуі маңызды. «Зерек бала», «Біз мектепке барамыз» бағдарламаларына сәйкес, 3 жастан бастап күнделікті таңғы жаттығулар өткізу керек, басында 5-6 минут (3 жас) және 10-12 минутқа дейін (6 жас). Бұнымен қоса, бос уақытта дене шынықтыру жаттығуларының айына 1 рет 10-20 минут, 6 жастағы балалар үшін 40 минутқа дейін өткізілуі қарастырылады. Гимнастикамен айналысу үшін кілемше қажет және оны тазалықта сақтау маңызды. Гимнастикалық жаттығуларды таңғы астан кейін немесе күндізгі ұйқыдан кейін 30 минуттан кейін ғана жасау керек. Балаларда таңғы жаттығуды әрдайым жасауға әдептің қалыптасқаны өте маңызды. Ұзақ, қозғалыссыз отыратын – сурет салу, илеу, қол шеберлік сабақтарынан кейін гимнастикалық жаттығулар сеансын өткізу аса маңызды.

Балаларға ұсынылатын жаттығуларды тәрбиешілер, медбике, ата-аналар меңгеріп алулары керек. Балалардың ықыласын шоғырландыру қиын болғандықтан, оларға тапсырмаларды ұзақ түсініктерсіз, нақты және айқын беру керек. Атауларды рационалды түрде оңайлату, мысалы, жаттығуларды «мысық», «құс», «паровоз» және т.б. жалпылай атау. Бұл жаста балаларда үйлестіру қабілеті енді ғана қалыптаса бастайтындықтан,

олардан тапсырманы толығымен дұрыс орындауларын талап етуге болмайды. Жалпы алғанда, қозғалыс тәртібі мен салауатты өмір салты баланың толығымен дамып, келешекте тұлға ретінде қалыптасуына үлкен пайдасын тигізеді.

Шаңғымен сейілдеп, жеңіл қол жұмысымен шұғыл-данғанда ой қызметі үйлесімді болады. Ой еңбегімен айналысатын орта жастағы дені сау адам аптасына ең кем дегенде 8-10 сағат уақытты дене шынықтыру жаттығуларына бөлуі қажет. Шамамен, денеге түсетін күшті мынандай етіп бөлген тиімді: демалыс күні – 2-3 сағат (шаңғымен немесе жаяу туристік жорық жасау), аптаның орта шенінде – 1-2 сағат (коньки, есу, велосипед тебу), күнделікті 10-15 минут таңертеңгі гимнастика және 30-40 минут жүру (жұмысқа барғанда және жұмыстан қайтқанда) керек. Денеге түсетін салмақты осылай етіп бөлуді еңбек, демалыс, тамақтану режимімен сәйкес жүргізгенде адамның көңіл күйі жақсарады, ой еңбегі барынша жемісті болады.



Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының
Кентау қалалық адами әлеуетті дамыту бөлімінің
«Әлия» бобекжай – балабақшасы МКҚК

Тақырыбы:
*«Балабақшаның
денсаулық сақтау
кеңістігінің үлгісі»*

Кентау 2022 жыл

Денсаулық сақтау кеңістігінің үлгісі

Денсаулық сақтаушы педагогикалық үдеріс (бұдан әрі – ДСПҮ) – бұл бала мен педагогтың, бала мен ата-ананың, бала мен медицина қызметкерінің әрекеттестігі барысында іске асырылатын тәрбиелік-сауықтырушы, түзетуші және профилактикалық іс-шаралардың біртұтас жүйесі. Ол күні бойы тәрбиешінің, мұғалімнің, логопедтің, педагог-психологтың, дене шынықтыру нұсқаушысының, музыка жетекшісінің тығыз әрекеттестігінде кешенді түрде ұйымдастырылады.

Денсаулық сақтау технологиялары басты міндеттерді шешуге бағытталған: педагогикалық үдеріс субъектілері: балалардың, педагогтардың және ата-аналардың денсаулығын сақтау, қолдау және байыту.

Мақсаты – мектепке дейінгі жастағы баланың денсаулық сақтау мүмкіндіктерін қамтамасыз ету, саламатты өмір салты (бұдан әрі – СӨС) бойынша білім, машықтар мен дағдылар қалыптастыру, алған білімдерін күнделікті өмірде қолдануға баулу. Барлық денсаулық сақтау білім беру технологияларын ерекшелендіретін негізгі көрсеткіш – балалардың жағдайын үнемі жедел диагностикалау және организмнің даму қарқынын негізгі белгілерін қадағалау, бұл олардың денсаулық жағдайы туралы сәйкес тұжырымдар жасауға мүмкіндік береді.

Ересектерге қатысты – тәрбиешілердің кәсіби денсаулық мәдениетінің қалыптасуына және ата-аналарға валеологиялық білім беруге ықпал ету.

Отбасы СӨС ұстанудың басты үлгісі болып табылады, сондықтан балалардың денсаулығын нығайту технологиясына ата-аналар белсенді түрде тартылады, отбасымен әрекеттестіктің ресми, және бейресми формалары қолданылады.

Ата-аналар мен педагогтардың бірлескен мақсатты қызметі жағдайында балалардың денсаулығы мен олардың СӨС бағдарлануын сипаттайтын көрсеткіштердің он динамикасы қамтамасыз етілуі мүмкін

Денсаулық сақтау кеңістігінің үлгісі

Сауықтыру блогы		Білім беру блогы
емдік-профилактикалық іс-шаралар	дене шынықтыру-сауықтыру іс-шаралары	ұйымдастырушылық-педагогикалық іс-шаралар
Жұпқандақты теңіз суымен шаяу	Дене шынықтыру сабақтары	Топтар бойынша сабақтар
Нүктелі массаж	Таңғы жаттығу	Сабақтардың әртүрлі формалары
УХЖ аппаратпен физно емдеу саралары	Түзетуші гимнастика	Студиялар мен үйірмелердің дарынсы балалармен жұмысы
«Денсаулық жолымен» жүру	Логоритмикалық ойындар мен жаттығулар	Ересектер мен балалар қызметінің барлық түрі арқылы СӨС қалыптастыру
«Лепко» эликаторы	Саусақ гимнастикасы	Сауалнама
Сиптауысы	Музыкалық-ритмикалық сабақтар	Консультациялар
Спотамайлар	Спорттық іс-шаралар мен ойын-сауықтар	Тақырыптық ата-аналар жиналысы
Ароматерапия	Бассейнде жүзу	Акциялар
Даруменді терапия	Сауықтырушы жүгіріс	Логопункт жұмысы
Информатералыя	Кинезиологиялық жаттығулар	Педагог-психолог жұмысы
Жалаң аяқ жүру		
Кеңінен жуыну		

«Денсаулық сақтау ортасын» құру көрсеткіші ретінде оқу нәтижелерін бағалау жүйесіне баса назар аударылады.

Педагогтар бағалаудың перспективалық жүйесін қолданады: өзін өзі бағалауды (ересек топтар мен мектепалды дайындық топтарында) және педагогикалық бағалауды.

Балаларды күнделікті бағалау мен педагогтың отбасымен араласу формасы – бакыт граммкасы (Step By Step халықаралық білім беру технологиясының тәжірибесі) – баланың оқудағы, тәрбиедегі жетістіктері мен сәттіліктері, бір күн ішінде меңгерген мәдени-гигиеналық машықтары туралы ата-аналарға күнделікті хабарлау. Бакыт граммкалары (жазбалар) әртүрлі формадағы шағын парақшалар түрінде баланың шкафына жапсырылады. Мәтіні әр ата-анаға түсінікті, пайдалы әрі қызықты.

МДҰ-ның бала дамуын кешенді сүйемелдеу аясындағы педагогикалық қызметінің іс-тәжірибесіне жетістіктерді жинақтау жүйесі – портфолио енгізілді, ол оқу қызметіне оң уәждемені қалыптастыруға мүмкіндік беріп, баланың мектепке бейімделуін жеңілдетеді.

Балабақшадағы педагогикалық бағалау баланы денсаулық сақтаушы сүйемелдеумен қамтамасыз етудің икемді құралы болып табылады. Бағалаудың аталған жүйесі балалар қызметінің нәтижелерін бағалауда оларға эмоционалды шиеленісті жүктеме салмайды.

Сабақтағы денсаулық сақтаушы сүйемелдеуі білім беру үдерісінің ажырамас бөлігі, сондықтан балабақшада қызметтің бірнеше түрі ұтымды түрде үйлесім табады, мысалы: зияткерлік, қимылды, жасына сай эмоционалды жүктемелер. Оқу материалы топ бөлмесінің барлық кеңістігіне орналастырылады, ол динамикалық қалыптарды ауыстыру режимінде сабақ өткізуге мүмкіндік береді. Сабақты ұтымды ұйымдастыру төмендегілерден құралады

қызмет түрлерінен (4–7), оларды алмастыру жиілігінен (7–10 мин.);

сабақ тығыздығы 60 %-дан кем емес және 75–80 %-дан аспайды;

қалыпты ауыстыру, дене шынықтыру минуттары, эмоционалды ширатулар.

Сабақтағы денсаулық сақтаушы сүйемелдеулер өзін өзі тануға және зердені, эмоцияларды, қарым-қатынасты, өзіндік бағаны, өзара бағаны дамытуға бағытталған әдістерді қолдануды болжайды.

Бақылау функциясы басқару қызметінің ажырамас бөлігі болып табылады, бақылау барысында талдауымен бірге алынған ақпарат басқарушылық шешімдер қабылдаудың негізі болып табылады:

- Балалардың өмірі мен денсаулығын сақтау бойынша нұсқаулықты орындау.
- Оқу-тәрбие үдерісі, балалардың білім, машықтары мен дағдылары деңгейі.
- Балаларды медициналық тексеру нәтижелері.
- Күн тәртібінде сауықтыру шараларын өткізу.
- Тамақтануды ұйымдастыру.
- Сабаққа қатысу.
- Күн тәртібін орындау.

мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру; серуендеулер өткізу және алып жүретін материалдың жағдайын тексеру; учаске жабдықтарының жарамдылығы; ұйқыдан кейін гимнастиканы ұйымдастыру және өткізу.

Мониторинг мақсаттары:

МДҰ қызметі нәтижелерінің СӨС қалыптастыру бойынша эксперименттік қызмет бағдарламасының стандарттары мен талаптарына сәйкестік деңгейін айқындау; мектепке дейінгі балалардың денсаулық сақтау біліктіліктерін дамыту жағдайы жүйесін сапалы бағалау; педагогикалық үдерістің барлық қатысушыларының қанағаттанушылық дәрежесі.

Мониторинг аспектілері:

жаңадан келген тәрбиеленушілердің денсаулық жағдайы – балалардың жасына, денсаулық жағдайына және тұлғалық ерекшеліктеріне қарай медициналық-педагогикалық қызмет көрсету; балалардың денсаулық сақтау біліктіліктерін дамыту; сырқаттанушылық; педагогтардың денсаулық сақтау біліктілігі; мұқият медтексеру нәтижелері; түзету-дамыту жұмысы; мектепте есею; балабақшада болудың психологиялық жайлылығы.

Тәрбиеленушілердің денсаулық сақтау біліктіліктерін дамытуды талдау ыңғайлылығы мен жеңілдету үшін SWOT-талдау технологиясы – мәліметтер жинау рәсімі түрінде маркетингтік талдау және ұйымның әлсіз және мықты тұстарының арасында сәйкестік орнату әдісі енгізілді. Барлық бағыттар бойынша тіркеу парақтары әзірленді: мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру, күн тәртібін сақтау, сабақта денсаулық сақтаушы сүйемелдеу өлшемдері және т. б.

- Санитарлық-эпидемияға қарсы режимді орындау.
- Ұжымда сау психологиялық климатты сақтау.
- Қауіпсіздік техникасы.
- Сырқаттанушылық талдауы.
- Тамақтану нормаларын орындау.
- Балалар күні бойынша жоспарды орындау.
- Дене шынықтыру шараларын, ойын-сауықтарын өткізу.
- Топтардағы құжаттама жағдайы.
- БӨ мен қол еңбегі бойынша балалар жұмысын талдау.
- Педкеңестің шешімдерін орындау.
- Есеп беретін тұлғалардың құжаттамасы мен есеп беруі.
- Қалған азық-түлікті алып тастау.
- Педагог кадрлардың әдістемелік оқу күндерін өткізу.
- Педагогикалық шеберлік деңгейі мен аттестатталушы тәрбиешілердің оқу-тәрбие үдерісінің жағдайы.
- Байқаулар мен конкурстарды қорытындылау.
- Балалардың сырқаттанушылығын талдау.
- Денсаулық күнін өткізу.
- Тәрбиешілердің психологтың, логопедтің, медбикенің ұсыныстарын орындауы.

Білім беру үдерісінің барлық мүшелерінің СӨС уәждемесін қалыптастыру бойынша МДҰ қызметінің барлық салаларын бақылаумен қамту үшін басшы мен оның көмекшілері арасындағы міндеттерді нақты бөлу керек.

Медбике:

санитарлық-эпидемияға қарсы режимнің сақталуын, ғимарат пен учаскенің санитарлық жағдайын бақылау; балаларды дәрігерлік тексеруге дайындау; азық-түлік сапасын, олардың дұрыс сақталуын бақылау және олардың жеткізу мерзімдерінің сақталуын, тамақтанудың ұйымдастырылуы мен тамақ дайындау сапасын бақылау, тағам мөлшерінің химиялық құрамы мен калориялылығын есептеу, үлестірме ас мәзірлерін құрастыруға қатысу; МДҰ қызметкерлерінің уақытылы медтексеруден өтуін бақылау.

Әдіскерлік:

Шолу бақылауы

күн тәртібін сақтау және маусым ерекшелігі мен апта күнін ескере отырып топ жұмысын ұйымдастыру; сауықтыру іс-шараларының жоспарын сақтау.

Салыстырмалы талдау

сабақта балаларды денсаулық сақтаушы сүйемелдеу тұрғысынан ұйымдастырылған оқу қызметін талдау; дене шынықтыру сабағының жиілігі; түзету-дамыту жұмысының нәтижелері.

Жедел бақылау

Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының
Кентау қалалық адами әлеуетті дамыту бөлімінің
«Әлия» бөбекжай – балабақшасы МКҚК

Тақырыбы: «БАЛАБАҚШАЛАРДА
ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ
ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ
ТИІМДІЛІГІ»

Кентау 2022 жыл

БАЛАБАҚШАЛАРДА ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Жан-жақты физикалық жетілген және денсаулығы жақсы баланы өсіріп тәрбиелеу әрбір ата-ана мен балабақшаның міндеті. Еліміздің білім саласында жүргізіліп жатқан реформаның басты мақсаты- ой-өрісі жаңашыл, шығармашылық деңгейде қызмет атқара алатын, дүниетанымы жоғары, жан-жақты қалыптасқан жеке тұлға тәрбиелеу. Мектеп жасына дейінгі балаларды дамыту мәселесі қазіргі таңда мемлекеттік саясаттың ажырамас бөлігі болып отыр. Бала болашағымыз десек, сол балаға жүйелі білім беріп, ынта-ықыласын дұрыс бағыттауды, қабілет-қасиеттерін дамытуды балабақшадан бастауымыз керек. Мектепке дейінгі білім беру стандарты мектепке дейінгі тәрбие мен мектепалды даярлық топтарында педагогикалық үрдісті ұйымдастыруда жаңашыл әдіс-тәсілдерді пайдалануға мүмкіндік береді. Балабақшада жаңа педагогикалық технологияларды пайдаланудың басты мақсаты: оқыту мен тәрбиелеуде инновациялық ойын технологиясының элементтерін пайдалана отырып, жан-жақты, білімді, құзыретті тұлға тәрбиелеу.

Баланың бақытты болуы үшін, денінің сау болуы үшін үлкен қамқорлық жасауымыз керек. Дені сау баланың ақыл-ойы айқын, өз-өзіне сенімді, жан- жағына қуанышпен шаттана қарайтындай болуы шарт. Бала денсаулығының мықты болып, қозғалыс, дене құрылысының дұрыс жетілуі мектепке дейінгі кезеңде қалыптасады. Сондықтан, бала организмінің қызметін жетілдіру, қабілетін арттыру – ең басты міндетіміз. Қазіргі кездегі елімізде жүргізіліп жатқан білім саясаты әлемдік білім кеңістігімен ықпалдасуға бағдарланған. Әлемдік білім кеңістігінен жалпы білім берудің басымдылық мақсаты – өзгермелі өмір жағдайына тез бейімделетін, өз жолын дұрыс таңдай білетін, оң шешім қабылдай алатын тұлға даярлау. Қай кезеңде болмасын білім мен тәрбие егіз ұғым екендігін ескерсек, отбасынан бастау алған бала тәрбиесі мектепке дейінгі тәрбие ұйымдарында жалғасын тауып, болашаққа қадам басары анық. Олай болса, мектепке дейінгі тәрбие ұйымдарындағы бүлдіршіндер тәрбиесін жан — жақты жетілдірудің жолдарын айқындап, бала денсаулығын сақтаудың жолдарын қарастыру заман талабынан туындап отырған жағдайлардың бірі. Мектепке дейінгі білімде баға жетпес гигиеналық тәрбиенің тәжірибесі мол болғанымен, қазіргі заманға сай баланың денсаулығының нашарлап, әлеуметтік жағдай баланың дұрыс өмір сүру бейнесін қалыптастыруда жаңа қарым — қатынасты меңзейді. Ұлттық денсаулық сақтау ұйымында баланың салауатты өмір салтына тәрбиелеу негізгі міндеттердің бірі болып саналады. Баланың салауатты өмір салтын құру баланың тек психологиялық жеке —

дара ерекшеліктері ғана емес, оны қоршаған ортасы мен жанұясы қолдап отыру қажет. Қазақстандағы салауатты өмір салтын дамытудың бастамасы мектепке дейінгі ұйымдардағы балалардың денсаулығын сақтаудың аса қажет екендігін көрсетеді. Балабақша жұмысына денсаулық сақтау технологияларын енгізу қажетті заман талабынан туындайды. Осыған орай жұмыстың объектісі – мектепке дейінгі жаста баланың денсаулығын қорғау болып саналады. Жұмыстың мақсаты — мектепке дейінгі ұйымда баланың денсаулығын сақтаудың, салауатты өмір салтын ұйымдастыру мен бала денсаулығын шындаудың мүмкіндіктерін қарастыру болып табылады.

Міндеттер:

- мектепке дейінгі ұйымда денсаулық сақтау технологиясын қолдану мүмкіндіктерін анықтау;
- денсаулық сақтау технологиясына сипаттама бере отырып, мектепке дейінгі ұйымда денсаулық сақтау технологиясын пайдалану әдістемесін ұсыну;
- білім берудің жаңа технологияларын қолдану (денсаулық сақтау, ақпараттық) ғылыми — әдістемелік тұрғыдан қамтамасыз ету, оларды іске асыру механизмдерін жетілдіру;
- балалардың денсаулығын сақтау мақсатында инновациялық бағыттағы материалдық — техникалық база қалыптастыру.

Күтілетін нәтижесі:

Мектепке дейінгі мекемедегі балалардың дені сау, психологиялық және интеллектуалдық тұрғыда жан — жақты қалыптасқан, бастауышқа дайын болған мекеме түлегі. Тәрбиешінің балалармен жұмыс жүргізуіндегі денсаулық сақтау технологиялары баланың денсаулығын сақтау және нығайту, дене жаттығуларын жасауға қызғушылықтарын арттыру, қимылдық іскерліктерін жақсартуда мектепке дейінгі мекемеде денсаулық сақтау технологияларының түрлері: Балабақшада оқу — тәрбие жұмыстарын заман талабына сай жүргізу, баланың денсаулығын сақтау мен нығайту мәселелерін тиімді шешу медициналық және педагогикалық қызметкерлердің бірлескен нәтижелі еңбектеріне байланысты. Осындай мәселені шешу барысында біздің анықтағанымыз, баланың денсаулығын нығайтуда және аурудың алдын — алуда тек қана баланың қимыл белсенділіктерін көтеру өте аз, сонымен қатар шынықтыру шараларын жүйелі өткізу керек. Ол үшін педагог дәстүрлі жұмыстарға дәстүрден тыс жұмыс түрлерінің жүйесін тудыруы жөн. Мысалы, жалаң аяқ жүру табан мен буындарды бекіту әдісі болып табылғандықтан барлық жаттығуларды жалаң аяқ ұйымдастырған өте ұтымды болады. Ертеңгілік жаттығуда әртүрлі формаларды қолдану:

Тыныс алу жаттығулары

Жалпақтабандылықтың алдын — алу жаттығулары

Сымбатты түзету жаттығулары

Созылу(стретчинг) жаттығулары

Йога жаттығулары

Көзге арналған жаттығулар

Таңертеңгі жаттығудан кейін тыныс алу немесе тұзды жолмен жүру өте тиімді. Сонымен қатар дене тәрбие сабақтарында дәстүрден тыс құрал — жабдықтарды қолданған жөн. Баланың дені сау, салмақты, дене дамуы мықты, тәбеті жақсы, ұйқысы толыққанды болып өсуі үшін күн тәртібін қатаң сақтау қажет. Бұл балаға балалық шақтан бастап

ағзасын кез — келген ауруға қарсы тұруына маңызды.

Себебі ағзада барлық өмірлік әрекеттер белгілі бір тәртіппен жүріп отырады. Жүрек ырғақты жұмыс жасайды, жиырылуы — босауы, тыныс алу, дем алумен — дем шығару кезектеседі, асқазандағы аста белгілі уақытта қорытылып отырады.

Жалпы табиғатта барлық жағдайлар белгілі реттілікпен жүреді: жыл мезгілдерінің, күн мен түн ауысуы...

Міне, сондықтан мектепке дейінгі мекемелерде күн тәртібі сақталуға қатаң көңіл бөлінген. Шынықтыру – сауықтырудың да тәртібі болған жағдайда ғана баланың ағзасына тиімді болады.

Мектепке дейінгі ұйымындағы денсаулық сақтау педагогикалық технологияларына келсек, мектепке дейінгі кезең – бала ағзасының өте қарқынды дамитын кезеңі екенін білеміз. Яғни осы жас шамадағы баланың ағзасының барлық жүйке жүйелері мен дене мүшелерінің, жүйкелік — психикалық дамуы қалыптаса түскен кезі. Сондықтан да мектепке дейінгі ұйымда денсаулық сақтау іс — шаралары кешенді де жүйелі жүргізілуі қажет. Сонда ғана жаңа өсіп келе жатқан өскелең ағза сыртқы факторлар әсеріне төтеп бере алатын болады.

Денсаулық сақтау технологияларының кешенді жүргізудің басты мақсаты Мектепке дейінгі балалардың қимыл — әрекеттерін жетілдіріп, оның ағзасын суыққа төзімді болуға жаттықтыру.

Дені сау баланы өсіруде бірнеше бағыттар алынды.

Балалар ауруларын төмендетуге мүмкіндіктер жасау үшін педагогтардың кәсіби — шеберліктерін өрлету және де ата — аналармен ынтымақтаса отырып, шынықтыруды кешенді ұйымдастыру

Бұл іс — шаралар барлық білім салаларымен байланыстырып, әрекеттестіріп жалпы «Денсаулық сақтау технологиялары» деп аталады.

Шынықтырудың негізгі міндеттері

Баланың тұлғалық ерекшелігін ескере күш — қайраттарын қалыптастыру және денсаулығын шынықтыруды жүзеге асыру. Бұл міндеттерге, тек шынықтыру шараларының кешенді түрде өткізгенде ғана нәтижеге қол жеткізді, яғни балабақшадағы баланың болған бір күні — оның ағзасына пайдалы дәрумендерді енгізіп асмәзірін түрлендіріп, оны балаға жеткізу, қарапайым шынықтыру мен қатар арнайы жоспарланған шараларды, қимыл — әрекеті үйлесімді ұйымдастырылады.

Баламен шынықтыру шараларын ұйымдастыру алдында бірнеше ережелерді сақтау керек:

Дені сау баламен шынықтыруды жүйелі жүргізу, оның теріс эмоциясын (үрей, жылау, мазасыздық) тудырмайтын және біртіндеп үдетіп, ұзартылып, медбике мен педагогтың қатаң қадағалауында болуы қажет.

Қазақстан Республикасының Бала құқықтары туралы конвенция әлемдік тарихта ең көп ел қабылдаған құжат және балалардың құқықтарын жан-жақты анықтайтын халықаралық деңгейдегі жалғыз құжат болып табылады. Конвенцияның негізгі қағидалары барлық балалардың өмір сүруге, дамуға, қорғалуға және кемсітуден азат болуға тең құқылы болуын көздейді.

«25 жыл бойы БҚК ЮНИСЕФ ұйымының Қазақстан Республикасы үкіметімен ынтымықтастығының іргетасы болып келеді. БҚК балаларға мейірімді қоғам құрудың жұмыс құралына айналды. Конвенцияны іс жүзінде іске асыру қазақстандық балалардың осымен бірнеше буынының өміріне оң өзгерістер келуіне септесті», — деп атап өтті Қазақстандағы БҰҰ Өкілі Юрий Оксамитный. «Атап айтқанда, балалар өлім-жітімі бес еседен астам азайды, инклюзивті білім беру дамып келеді, әлеуметтік қорғау жүйесі жетілдіріліп жатыр. Жақында Қазақстан АИТВ жұқпасының анадан балаға таралуынан ада ел ретінде сертификаттаудан өтеді. Бүгін туылған балаларда тіршілік ету, қамқор отбасында дені сау, білімді болып өсу мүмкіндігі 25 жыл бұрынғы жағдаймен салыстырғанда әлдеқайда жоғары», деп қосты ол.


Қазақстанда балалардың, соның ішінде, психикалық және физикалық даму ерекшеліктері бар балалардың, ұрымтал жағдайдағы балалардың және заңмен байланысқа түскен балалардың құқықтарын қорғау саласындағы заңнаманы жетілдіру жалғасып келеді. Бала құқықтары жөніндегі уәкіл институтының құрылуы бірқатар күрделі мәселелер, мысалы, балалар мен жасөспірімдердің психикалық денсаулығын нығайту, балаларға зорлық-зомбылық көрсетудің алдын алу ведомствоаралық жұмыста көрініс тауып, үкіметтің, парламенттің, халықаралық ұйымдардың және азаматтық сектор ұйымдарының күшін біріктірді. Жеткен жетістіктерді талқылауға қоса, БҚК қабылдану мерейтойы – жаңа міндеттерді анықтау және басымдықтарды айқындау мүмкіндігі. Олардың ішінде: балалардың құқықтарын жүзеге асыру бойынша серіктестерді және мақсаттарды біріктіретін балалардың құқықтарын қорғау жөніндегі бірыңғай ұлттық стратегияны жасау және жүзеге асыру, сонымен қатар, балалардың құқықтарына мониторинг жүргізудің кешенді жүйесін дамыту.

Балалардың заңды құқықтары мен мүдделерін сақтау қатысында ұлттық саясатты іске асыруға белгілі бір дәрежеде білім беру, денсаулық сақтау, кедейлікті төмендету, көші-қон саясаты, демографиялық даму, мүгедектерді оңалту және басқа да салаларда балалардың құқықтарын сақтау мәселелері жөніндегі мемлекеттік салалық бағдарламалар бағытталған.

Ата-аналар балаларына екпе салдыруға міндетті. Бірақ бас тартса, олар әкімшілік жауапқа тартылмайды. Жаңа нормаға сәйкес, екпе салмаған балалар балабақшаларға кіргізілмейді. Министр Қазақстанға екпе тек Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымымен келісілген зауыттардан ғана жеткізілетінін атап өтті. Жылдың барлық мезгілдерінде балалардың денсаулығына рационалды тамақтануына ерекше көңіл болінуде. Балабақшада баланың денсаулығын нығайтуға барлық жағдай жасалынған, материалдық техникалық базасы жоғары деңгейде. Табаны күректей алты жыл бойы балабақша Сара Алпысқызы Назарбаеваның «Өзін-өзі тану» курсы енгізу бойынша эксперименттік алаңда жұмыс жүргізді. Республикалық, облыстық курс тыңдаушыларына бірнеше рет Порфирий Ивановтың сауықтыру жүйесі туралы қызығушылық танытқан «Лугандық қарияның» ашық өсиетін оқып «Өз денсаулығыңды өзін түзеп үйреніп,өзіңмен-өзің толық түсінікте болуы мүмкін бе?»деп ойлаған. Ивановтың өсиет іліміндегі жер бетіндегі әр адам салауатты өмір салтын қалыптастыруды қажет ететін, тек қана жақсы іс-шаралар жасауы керек. Осы курсты жүргізу мақсатында ең алғаш су құйғудан бастап, жүрегін өзін қоршаған адамдарға деген сүйіспеншілік әуеніне аударуға, жанның тазарып,тәннің жасарып,бұрын мазалайтын сырқаттардың одан сырт бере бастағанын сезіне білуіне байланысты ашық ұйымдастыру іс-әрекеті жоғары деңгейде ұйымдастырылды. Сауықтыру жұмыстарының жүйелі жүргізілуінің нәтижесінде өткен оқу жылымен салыстырылғанда биылғы жылы баланың физикалық және функциялық дамуы жоғары, саматикалық тұмау ауру көрсеткіштері төменжұпалы және ішек аурулары мүлдем жоқ болған. Аталған педагогикалық технологиялар мен инновациялық құралдар балабақшада балалардың жас ерекшеліктерін ескерген, әр сатыға балалардың қабылдау мүмкіндіктерін ескерген жағдайда ғана пайдалануға болады. Мектепке дейінгі балалардың есте сақтау қабілеті әлсіз, қабылдау процестері тұрақсыз келеді. Сондықтан олар затты қолмен ұстап, көзімен көргенді ұнатады. Осыған сәйкес, мектепке дейінгі балалардың оқу іс-әрекеттеріне көрнекілік, ойын технологиясын кеңінен қолданған жөн. Балалардың денсаулығын нығайтуда спортқа әуестендіріп, күн тәртібі ережелерін сақтай білуге, жаңа инновациялық жолдар арқылы шынықтырып, салауаттылыққа тәрбиелеуіміз қажет. Жан-жақты физикалық жетілген және денсаулығы жақсы баланы өсіріп тәрбиелеу – әрбір ата-ана мен балабақшаның міндеті.

Ертеде шығыс ғұламаларына 10 жылдығын ойлаған тал өсіреді, 100 жылдығын ойлаған бала өсіреді деп ертеде шығыс ғұламалары айтқандай, осындай жұмыстардың жүйелі жүргізілуінің барысында жасөспірімдердің денсаулығы жан-жақты дамыған, салауатты өмірді насихаттаушы,ән ұранымызды шырақатып, көк байрақты желбірететін салауатты

өмір салтына лайық, талабы мен жүрегінде оты бар балалардың үмітіне дәнекер болып жатсақ қана, егеменді еліміздің ертеңі болар жас ұрпақ тәрбиелей аламыз дегендей осындай жұмыстардың жүйелі жүргізілуінің барысында ғана біз баланың денсаулығы жан-жақты дамыған, салауатты өмірді насихаттаушы, «Нұрын, сырын көруге, көкірегінде болсын көз» дегендей талабы мен жүрегінде оты бар балалардың үмітіне дәнекер болып жатсақ қана Егеменді еліміздің ертеңі болар жас ұрпақ тәрбиелей аламыз.



Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының
Кентау қалалық адами әлеуетті дамыту бөлімінің
«Әлия» бобекжай – балабақшасы МКҚК

**Тақырыбы: «Диагностикалық
құралдарды қолдана отырып (бағалау
парақтары, салыстырмалы талдау
және т.б.) мектепке дейінгі ұйымның
заттық-кеңістік дамытушы
ортасының сапасын бағалау»**

Кентау 2022 жыл

Диагностикалық құралдарды қолдана отырып (бағалау парақтары, салыстырмалы талдау және т.б.) мектепке дейінгі ұйымның заттық-кеңістік дамытушы ортасының сапасын бағалау

Мақсаты: мектепке дейінгі ұйымның заттық-кеңістік даму ортасының сапасын бағалау туралы білімдер мен дағдыларды жүйелеу

Міндеті: мектепке дейінгі ұйымның заттық-кеңістік даму ортасының сапасын бағалау құралдарын игеру бойынша процесті ұйымдастыру

Жетекші идея: қоршаған орта сапасын бағалау үшін практикалық іс-әрекетте құралдарды (бағалау парақтары, сауалнамалар / пікіртерімдер, бақылау парағы, бағалау шкалалары және т.б.) қолдану.

Мәселе: қоршаған ортаны оның сапасына қарай, ыңғайлы және функционалды құралы бойынша бағалау.

